

Философия және Саясаттану факультеті

"ТАҒДЫР" КІТАБЫ ТУРАЛЫ

Жандос Қабиденов



Қос ғасырдың ғана емес, екі мемлекеттік жүйенің куәгері болған түрік ғалымы Мұхаммед Ихсан Оғыздың (1887-1991) кітабы қашанда адамзатты қызықтырған, мұсылман қауымын да түрлі тартысты көзқарастарға итермелеген тақырып төңірегінде, яғни «Тағдыр кітабы» ирада, ықтияр, қаза, тағдыр мәселелерінің мәнін түсіндіруімен маңызды.



Автор Мұхаммед Ихсан 104 жыл ғұмырында 100-ден аса кітап жазған. Ал «Тағдыр кітабы» Ислам ғалымдарының тағдырға қатысты түрлі көзқарастары, зерттеулері, ой-пікірлері, талас-тартыстары қамтылып, тағдыр, қаза мәселесіндегі проблематикаларға дәлелдерімен ең дұрыс түрде, Құран мен сүннет ерекшеліктеріне, ақыл мен логикаға сай түсіндірмелер келтірілген. Тағдырға қатысты пікір айтқан ғалымдардың қысқаша өмірбаяндарына және кейбір сенім мәзһабтары мен ағымдарға да ақпараттық мақсатта орын берілген.



Діни сала мамандарына арналған кітаптың жарық көруіне Нұр-Мұбарак университеті жанындағы Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл академиясы ұйытқы болды. Жоба жетекшісі директор, теолог Тимур Нүсіпхан, ал аударған академияның бас сарапшысы Салтан Сәкен, жауапты редактор PhD доктор Қайрат Құрманбаев. «Нұр-Мұбарак» баспасынан шыққан 156 беттік еңбек 2000 данамен оқырманға жол тартып, танытым шараларына жалғасып кетті.

